



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

**Құттықтау!**

## Сіздерге құрмет ерекше

**Құрметті ақ қалатты абзал жандар! Қадірлі медицина саласының қызметкерлері!**

Сіздерді медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Адам өмірінің арашасы болған медицина қызметкерлерінің қоғам үшін орны үлкен. Әлемді шарпыған пандемия кезінде ақ қалатты абзал жандар күн-түнмен санаспай еңбек етті. Патриоттық сезіммен, жоғары жауапкершілік танытып, кәсіби шеберліктерін көрсетті.

Адам өмірін сақтау жолында алғы шепте жүріп, науқасқа жан тәнімен қызмет ететін кең жүректерін ерекше айтқымыз келеді.

Бүгінде ел азаматтарының өмір сапасын жақсарту, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Денсаулық саласын дамыту, заман талабына сай жасақтау үшін барлық жағдайлар жасалып, қолдан келген көмектер көрсетіліп келеді. Ауданның медицина саласы да заманауи құрылғылармен жабдықталып, мемлекет қолдауын сезініп отыр.

**Қадірменді медицина қызметкерлері!**

Отбасыларыңызға құт-береке, мол ырыс, өздеріңізге күш-жігер, жұмыста алға қойылған міндеттерге жете берудеріңізді тілейміз.

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
Аудан әкімі.  
**Б.БАЙҒАРАЕВ,**  
Аудандық мәслихат хатшысы.



## Президент: Қазақстан олигополиядан толық арылуы керек

Бұл туралы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Россия-24» телеарнасының журналисі Андрей Кондрашовқа берген сұхбатында айтты, деп хабарлайды EgeMen.kz.

Президенттің айтуынша, Қазақстан экономика саласындағы фаиворитизмнен алшақтауы тиіс.

«Елде әлеуметтік әділеттілік болуы тиіс. Әрине, мен утопист немесе қиялшыл емеспін, бұл бір күн, бір ай немесе бір жылдық жұмыс емес екенін түсінемін.

Бірақ бұған ұмтылу керек, себебі халық әділеттілікті қалайды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, оның Президент ретіндегі міндеті - Қазақстан азаматтары үшін әділеттілікті қамтамасыз ету.

«Әлеуметтік иерархияда барлығы тең болуы керек. Қалай болғанда да әлеуметтік лифт жұмыс істеуі қажет. Біз мемлекеттік компаниялардағы белгілі бір лауазымдарға өте қабілетті, патриоттық рухы бар адамдарды таңдауымыз керек. Бұл депутаттарды сайлауға да қатысты», деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы ретінде Парламент сайлауы-

ның нәтижесіне тікелей әсер ете алмайтынын айтты.

«Менің міндетім-қоғамнан өз орнын таба алатын және болашаққа оптимистік көзқараспен қарайтын саяси атмосфераны құру», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**Баспасөз-2022**



**2022 жылдың екінші жарты жылдығына аудандық «Созақ үні» газетіне жазылу жүргізілуде**

**«Қазпошта» арқылы Жеке тұлғалар үшін- 2279 теңге 64 тиын,**

**Мекемелерге-6759 теңге 24 тиын «Ернұр Пресс» арқылы Жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.**

**Редакция арқылы Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.**

**Жазылуға асығыңыздар!**

## 1 қыркүйектен бастап студенттердің шәкіртақысы өседі

ҚР БҒМ Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларына және мөлшерлеріне өзгерістер мен толықтырулар дайындады, деп хабарлайды EgeMen.kz.

Осылайша, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға ай сайынғы мемлекеттік стипендияның мөлшерін мынадай мөлшерде белгілеу жоспарлануда:

-Даярлаудың педагогикалық бағыттарында және даярлаудың «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқитын студенттерді қоспағанда, жоғары білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге - 36 660 теңге (қазіргі уақытта - 31 423 теңге);

-Педагогикалық бағыттар бойынша оқитын студенттерге - 58 800 теңге (қазіргі 50 400 теңге);

-«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша оқитын студенттерге - 58 800 теңге (қазіргі 50 400 теңге);

-Интерндерге - 61 660 теңге (қазіргі 59 289 теңге);

-Магистранттарға - 86 987 теңге (76 950 теңге);

-«Назарбаев университетінде» оқитын магистранттарға - 162 500 теңге (143 750 теңге);

-Докторанттарға - 195 000 теңге (172 500 теңге);

-«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша докторанттарға - 195 000 теңге - 172 500 теңге);

-«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистранттарға - 100 036 теңге (88 494 теңге);

-ҚР Жоғарғы Соты Жанындағы Сот төрелігі академиясының мемлекеттік органдардан оқуға жіберілген магистранттарына - соңғы жұмыс орны бойынша лауазымдық жалақы деңгейінде, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын



магистранттар үшін белгіленген мемлекеттік стипендия мөлшерінен төмен емес;

-Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттерге-21787 теңге (өзгеріссіз).

Атап өтілгендей, стипендиялардың жаңа мөлшері 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұдан басқа, мемлекеттік стипендияларды төлеудің жаңа тәртібі әзірленді. Ашықтықты қамтамасыз ету үшін стипендия қассасы арқылы төленбейді. Олар банкте немесе «Қазпочта» АҚ-да шот ашқаннан кейін жүзеге асырылады.

Бұл ретте студенттер банктер мен «Қазпочта» АҚ тиісті келісімдер жасасқаннан кейін шот бойынша операциялар үшін комиссия төлемейді.

Құжат 29 маусымға дейін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

## Құрылыс нысандарын аралады

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылындағы жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарын аралады. Алдымен аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімге арнап салынып жатқан ғимаратын көрді. Жұмыстың сапасына, қарқындылығына назар аударды. Мердігер компанияның жүктелген

Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандар мен ардагерлерге арналып қайта жасақталып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан «Асыл жүрек және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының ғимаратында болды. Ондағы жұмыс барысын бақыла-



міндеттерді қалай атқарып жатқанына көңіл бөлді. Құрылыс жұмыстарына бірқатар сын-ескертпелер айтып, аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет қала құрылысы бөлімінің басшысы Жалғас Борсабаевқа қадағалау керектігін тапсырды.



ды. Жанға жайлы болу үшін ғимарат маңын абаттандыру жұмыстарына назар аудару керектігін ескертті.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

## Ауыл әкімінің есебі жаңа форматта өтті

Маусымның 3 күні Шолаққорған ауылдық округінің әкімі Әділ Елібаевтың халыққа есеп беру жиыны болып өтті. Есеп беруді ескі форматта өткізуді жөн көрмеген Әділ Камалұлы бұл жолғы есебіне жергілікті қоғамдастық пен Парасат клубының мүшелерін және шаруақожалықтардың төрағаларын ғана шақырды. Себебі, бұлардың қай-қайсысы да Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты халықтың өкілдері іспетті еді. Жергілікті билік пен бұқара өкілдері бас қосқан бұл есеп беру жиынына аудандық Кәсіпкерлер мен ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов пен ЖКХ-бөлімінің басшысы Дулат Байзақов және «Сөзақ-Сәулет» мекемесінің директоры Берік Әлтековтер келіп



лы шаруашылықтарды қолдау мақсатында берілетін жанар-жағармай мәселесіне, үй іргелік қораларды дәрілеу, жылқы мен түйе малы-

бөлігі пікірталас түрінде өтті.

Атап айтар болсам, Шолаққорған ауылында: Жібек жолы көшесінің бойындағы жол жолақтарын қайта сызу, Ш.Оқшиев көшесіне аяқ жол салу, Шолаққорған ауылдық округі бойынша тазалық мәселесі, шөп бағасын тұрақтандыру мәселесі, тозығы жеткен бағдаршамдарды ауыстыру және жаңа бағдаршамдар қою мәселелері көтерілді. Ауыл әкімі мен бөлім және мекеме басшылары ауыл тұрғындарының көкейлерінде жүрген сауалдарына жауап беріп, ұсыныс-пікірлерін жазып алды.

Сонымен, жиналғандар бірауыздан:

1) Шолаққорған ауылдық округі әкімі Ә.К.Елібаевтың Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған ауылындағы халықпен өткізген кездесуінде жасаған баяндамасы назарға алынсын.

2) Айтылған ұсыныс-пікірлерді іске асыру жөнінде іс-шаралар жоспары бекітіліп, аудан әкімдігіне ұсынылсын – деген қаулы жобасы ұсынылды.

Данияр БЕК.



қатысты. Жиынды ауыл әкімі Әділ Елібаевтың өзі сөйлеп ашты және бас-аяғы 10 минуттың ішінде Шолаққорғанда ауылдық округі бойынша осы үш айдың ішінде атқарған және алдағы атқарылатын жұмыстарына қысқаша шолу жасады.

Сондай-ақ, ағымдағы жы-

на жарық шағылыстырғыш қарғы бау тағу мәселелеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мұнан соң, әкімнің есебіне жиылған қоғамдастық пен Парасат мүшелерінің және шаруа қожалықтар иелерінің тарапынан сауалдар беріліп, түрлі ұсыныстар айтылды. Бірсөзбен айтқанда жиынның қалған



## Кезекті аппарат жиыны өтті

Аудан әкімдігі аппаратының жиыны өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, ауыл, кент округ әкімдері мен бөлім, мекеме басшылары қатысты. Жиынды жүргізген аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, ауыл, кент округтер мен бөлімдердің атқарып жатқан жұмыстарын саралап, тапсырмалар берді.

Күн тәртібіндегі мәселеге орай аудан әкімдігінің экономика бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков «Аудандағы нысаналы индикаторлардың декомпозициясының ағымдағы жылдың өткен 5 айындағы нәтижесі мен 1-жарты жылдық қорытындысымен орындалу болжамдары туралы» хабарлама жасады. Сондай-ақ ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің

басшысы Қайырбек Мейірманов, көктемгі дала жұмыстары барысы туралы баяндады. «Ветеринариялық қызмет» мекемесінің басшысы Ержан Барбанов қаңғыбас ит, мысықтарды аулау, жою жұмыстары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дулат Байзақов, аудан көлемінде абаттандыру, санитариялық тазалық жұмыстарының барысы туралы баяндады.

Аппараттық жиынды қорытындылаған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, бөлім мен ауыл, кент округ әкімдеріне бірқатар сала бойынша сын-ескертпелер айтты.

## ТАҒАЙЫНДАУ!

Аудан әкімінің Әкімімен Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы аудан әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы, аудан әкімі аппаратының жұмысымен таныстырып, алдағы қызметіне табыс тіледі.

Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы 17 маусым 1971 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2004 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ды «Экономист-финансист» мамандығы және 2018 жылы Аймақтық әлеуметтік – инновациялық университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы Жезді суландыру жүйесі басқармасының есепшісі болып астаған, 1994-1999 жылдары Теріскей селолық әкімшілігінің орталықтандырылған есеп бөлімінің есепшісі, іс-басқарушысы, 1999-2006 жылдары аудан әкімі аппараты ұйымдастыру және кадрлық жұмыс бөлімінің бас маманы, аудан әкімінің көмекшісі, 2006-2010 жылдары аудан әкімі аппараты ұйымдастыру және кадрлар жұмыс бөлімшесінің жетекшісі, 2010 жылдың желтоқсан айынан қазірге дейін аудан әкімі аппаратының басшысы болып қызмет атқарған. Жанұялы.



## ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Созақ ауданының прокуроры аға әділет кеңесші Қожабек Ержан Базарбекұлымен еркін форматтағы кездесу өтті.

Кездесу барысында Қожабеков Ержан мырза өз еңбек



жолымен таныстырып, жастардың қойған сауалдарына жауап берді.

Кездесуден бөлек, Ержан Базарбекұлы ауыл тұрғындарын жеке мәселемен қабылдады.

«Сөзақ үні»-ақпарат.






## Мысал өлең

Бүгінде оттық басы өтеніміз,  
Табылса мүдә үйден жоқ кетеріміз.  
Бұрынғы кеп жүретін жолдастарды,  
Кем көрер, болдық елдің бөтені біз.  
Кәдірмен қатар құрбы бір жүрген күн.  
Өмірдің екенбіз ғой нөкері біз.  
Күн бетер күннен күнге бетер деген.  
Тап сол күнде отырған беттері біз.  
Өкінішпен кім шешер бастың мұңын  
Өкінем болмады-ау деп жетерміз.  
Жалғыз қалып отырмын бар жолдастан.  
Дүниеден белгілі ғой өтеріміз  
Қадам басып жүруден қауіп өтемін.  
Денеге күш бермейді жөтелеміз.  
Болса да ажал арман, кесел қайғы,  
Іздестірсек бүгін жоқ көшегіміз.  
Ойласам бәрі өкініш өткен күннің.  
Бастың қамын қалай қып шешеміз біз.  
Тарихты оқып тәрбие ала алмаған  
Біз пенде адамзаттың есеріміз.  
Керуенге көшіп жатқан көз салмаппыз.  
Арадан жөнелтсекте кешені біз.  
Қайғыдан ешнәрсем жоқ алған тауып.  
Үстімнен құламай тұр жүгім ауып.  
Өмір саған өкініш берген күнім  
Жолдасым осы күнде боп тұр қауіп.  
Жастық жеңіл нәпсіге ерік беріп.  
Алдымда күн бар демей өттім сауық.  
Мәжілісте отырсам біз көргеннен.  
Өмір жоқ бір жүретін қалмай шауып.  
Сазарып отырамын от басында.  
Ойыңа не түспейді жатқасында.

Ақын, шешен, орны келген тұста билік те жүргізе алатын қазы Қазыбаев Алмахан 1885 жылы Созақ ауданы бұрынғы Ленин колхозында дүниеге келген. Ол кісінің жұбайы Тұрғанбайқызы Әшен 1895 жылы дүниеге келген. Қазыбаев Алмахан уақытында Ленин колхозының төрағасы қызметін 7-8 жыл басқарған. Одан кейін әр салада қызмет істеп зейнеткерлікке шыққан. Елге сыйлы көкірегі ояу шежірелі кісі екен. Әрі шайыр өлең жазатын қасиеті де басым болыпты. Отбасында Ұлман, Дәулет атты екі қызы болған. Немересі Алтынды қолдарына алып, оқытып тәрбиелеген. Немересі Алтын көкесі мен анасын соңғы сапарға шығарып салғанша ардақтап өтіпті. Алмахан 1974 жылы, анасы Әшен 1972 жылы қайтыс болған. Алмахан дегенде Өтжанды айтпай кете алмаспыз анық.

Қабысқан қара тонның жағасындай,  
Бірі ақ, бірі көздің қарасындай.  
Өтжан мен Алмаханнның орны бөлек,  
Қосылған қос өзеннің сағасындай,  
дай,-деген теңеуді бір мақаламда келтіре кеткен екенмін. Қаратау бөктерінде он саусақтың са-



ласындай қатарласа ағып жатқан өзендердің бастауын мекен еткен теріскейліктердің аузында осы Өтжан мен Алмаханнның ұйыты әзілдері мен әсерлі әңгімелері жүреді екен. Елдің ынтымағы мен ауызбіршілігіне қызмет еткен жандарды әлі де көзі қарақты кісілер ұмыта қойған жоқ. Бүгінде сол білетіндердің саны азайып, білмейтіндердің қатары артқан уақытта жақсылар мен жай-

саңдар жайлы «Созақ жауһарлары» деген айдармен бабалар рухын қайта жаңғыртсақ дейміз. Әрине, жалғыз ағаш орман болмас демекші, бұл байыпты бастаманы ел болып қолдағанымыз дұрыс болар еді. Осы орайда Алмахан ақын туралы құнды деректерді Түркістан қаласында тұратын, теріскейдің тумасы зейнеткер Өтжанұлы Уәлихан көкеміз арнайы редакцияға әкеліп аманаттады. Ол кісіге елдің атынан үлкен ризашылық пен алғыс білдіреміз. Сондай-ақ Алмахан ақынның жазбалары (компьютермен басқанда бар жоғы жиырма беттен тұрады) ішінде Молда Мұса мен қыз Манаттың айтыстарының халық ішінде кеңінен тараған төрт нұсқасының бірі бар екен. Ол да кейінгі Алмахан ақынды зерттейміз дейтін мектеп оқушылары, ғалым ұстаздар, жас ғалымдар үшін құнды мәлімет болмақ. Ендігі кезекті төменде Алмахан ақынның жазып кеткен жырларын көзі қарақты оқырмандарымыздың назарына ұсынамыз!

**Мақсат ҚАРФАБАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

# ДЫРҒА ТАЛАНТ ПЕН ЖАСТЫҚ СЕРІК...

О шіркін өткен күнім шықпайды ойдан.  
Бұрын жүріп қалған бас, көп қасында  
Артығы да ісімнің кемдігі де.  
Тартқаным көрініп тұр ат басын да.  
Өзі кетіп келуші ед ілгеріде.  
Жалғызбын деп білмеппін мен жасымда.  
Жалғыздық басыма кеп жаңа орнады.  
Үстіме түспейтін жүк артқасында.  
Бұрынғы кеп жүретін жолдастардан.  
Бірлі жарым кездесер аптасында.  
Қартаып қадірімді сынап көрдім.  
Темір біз шіріп қалған отбасында.  
Жасыңда алтын, гауһар болдым десең.  
Жас асқан қарт көруге бір масылда.  
Мысал ғып өткен күнді жаздым арнап,  
Түбінде шеше алмадым өзім талдап.  
Жаста көрген шаттығым болды өкініш.  
Барлығын жан-жағымның көрдім шарлап.  
Алдымнан қандай күйге кез болам деп.  
Өткен күнді ойлап жүрміз зарлап.  
Я тәңірім пендеңім деп жалынам.  
Ісім жоқ алдымды ойлап алған қамдап.  
Алдымда қараңғы көр ақыр күн бар.  
Жалынышым түсірме ауыр салмақ.  
Бүгінде тірі өлікпіз бата қылмас.  
Тіріге жеті қырық берілмес ас.  
Аты бар тірі деген жүру қымбат.  
Сөйлеуге тіл жоқ сірә бір жаңылмас.  
Көңіл шіркін толқытып ой салады.  
Түсте көрген сияқты бір болынбас.  
Жасыңда жонға өрнек тастасаң да.  
Қарт болдың қадір білер дос табылмас.  
Тозған өмір досыңнан ара аштырар.  
Кездессе алқа моншақ кім тағынбас.  
Жалғыз қалып отырмын бір жолдастан.  
Көруге дәуір қызық жоқ тұр мұңлас.  
Қызықсыз өмір кез боп күн өтіп тұр.  
Іздесем табылады қайдан сырлас.  
Қызбалықты өмірдің жазы кетті.  
Қалған ісін арттағы кім сағынбас.  
Қызығына тоймаған шіркін күнім.  
Бір кел десем сірә да мойын бұрмас.  
Тарқаған базарымыз бүгін біздің,  
Іздесем табылмайды құрбы құрдас.  
Бастан өткен көрсетіп өмір күнді.  
Дос десең бір қалыпты өмір тұрмас.  
Бүгінде айтқаныма кім нанады.  
Жасымда болдым деп ем бір гауһар тас.  
Арттағыдан ғибрат алдағыға.  
Бейқам біз дүниеден бір шағылмас.  
Арзан менен қымбаттың өлшемі жоқ.  
Басыңа күн кез болмас бір тарылмас.  
Өмірдің көп болып тұр өкініші.  
Кеткен соң өкініш өтіп ісі.  
Тағдырдың жазуымен көп жасқа кеп.  
Кеткен бір адам болдық қолдан күші.  
Бүгіндегі дәуірден қашықтадым,  
Қалай болды демеймін бұл мұнысы.  
Алдым менен артымды өлшестірсем,  
Алтынның көрініп тұр мысы.  
Қадірлейтін бар болса жасың жетпіс.

Бұрынғы болмасада реңкі түсім,  
Ішіңнен жеп тұрады қайғы уайым.  
Көрінуге болмайды кім тұрмаса.  
Жасыңда алдыңды ойлап іс қылмасаң.  
Ісіңнің кейін келер бар ірісі.  
Әттеген ай дейсің де өкінесің.  
Қолыңнан кеткенде ұшып бақыт құсы.  
Өмір бойы басыңа бақыт тұрмас.  
Ертеңге кездеспейді бүгінгісі.  
Жүруден аяқ қалса, аузыңнан тіс,  
Дәуірдің ісінен бөзер бұл қылмысы.  
Жасымда тілемеппін ынсабымды,  
Көңіліме осы дүние құш алынды.  
Өмірді өтпейтіндей көріп жүрдім.  
Жолдас екен дедім де бұл нәпсімді.  
Өмірге байланысты нәпсі беріп.  
Шайтандай қойған оған бір зәлімді.  
Зәлімнің пейілі әшкере болған кезде.  
Қайтем екі аяғым тұсалынды.  
Жасыңда көрген қызық кейін дұшпан,  
Білмейсің жегеніңді кейін құсарыңды.  
Қараңғы көрге қойып кетсе бір күн.  
Басқа түскен кім білер бұл халіңді.  
Сұраса сұраушылар Раббың кім деп,  
Раббым Алла дегізгей бұл жанымды.  
Раббым Алла дегеймін тілім келіп.  
Көрмеген бейтаныс жан тұрса келіп.  
Тілі жұмсақ жүздері мүлөім боп.  
Кездессе барша тәнім кетпей ме еріп.  
Құрбыммен құрдасымдай әзілдесіп,  
Қоштасып қайтып кетсе қолын беріп.  
Я Алла Рақымыңнан жарылқанып,  
Ізетлі миуаңыздан жесем теріп.  
Іш таққан нас нәпсімді өмір алдап.  
Ақылымды жіберген бөліп бөліп.  
Құтқарып залымдардың шырмауынан.  
Досымды құрт нәпсідей жүрген сеніп.  
Өмірдің көрдім шаттық қапалығын.  
Барлығы халыққа мәлім атағымның.  
Аянбай еңбек өтіп көпшілікке,  
Алдыңғы болып жүрдім қатарымның.  
Уағымда боп жүрмедім көптің бірі.  
Баласыздық боп жүрді мұңның бірі.  
Халқымның қалауымен жұмыс істеп.  
Тәртібімен өткізіп тұрдым күннің.  
Өмірдің алдым еңбек үлесінен.  
Көрген адам шығармас мұны есінен.  
Күш қуат боп бүгінде үйде отырмын.  
Халқымның қалмаушы едім бірлесінен.  
Күн санап азайып тұр күш қуатым.  
Бұл дүние ешкімге емес қатым.  
Опасыз деп айтыпты бұрынғылар,  
Олар да көрмей кеткен рахатын.  
Сүлеймен Іскендірмен жер жүзіне.  
Жүргізген Үкіманның қалдырды атын.  
Он сегіз мың ғаламды билегенмен.  
Көрмеді деймісің өмірдің мекнатын.  
Халқыма бір күн ауқат берейін деп.  
Алладан сұрап алған рұқсатын.  
Халық үшін жинағаның жалғыз балық.  
Екі асап бар ма деді тағы ауқатын.  
Сүлеймендей сүйекті пендесінің.

Асырған жер жүзінен салтанатын.  
Халық билеп хан болған адамдардың,  
Ойға алып жүрсең азбассың ғибратын.

## ҚАЙЫРЛАСҚАН ӨЛЕҢ

Жазылған сәлем қайыр қош,  
Алмаханнан еліне.  
Заманы бірге көрі жас,  
Қатар құрбы теңіме.  
Жеңге, келін, қарындас,  
Оқушы қыз балалар.  
Жазайын хатқа сені де.  
Бауыры бұлақ, ойы саз,  
Басы да мұнар бөліме.  
Қайнар бұлақ, мөлдір су,  
Ішіңнің дәрі шөліне.  
Көтерем ат, қотыр тай,  
Ойын салып кетуші ед.  
Жайылса бес күн шөбіне,  
Санында болып адамның,  
Сұм заманда мірдің де,  
Көріп ем сонда көбіне.  
Жеті атадан жалғыздық,  
Жазылған екен шөгіме.  
Теңліксіз заман кездесіп,  
Кеткенде ісім кеміне.  
Қойным толып көл болды.  
Көзімнің аққан селіне.  
Талап қылып талпынсам,  
Кездеспедім өміне.  
Сол уақытта дүниеге,  
Арнады келіп бір жарық.  
Айнадай жан көріне.  
Қараңғы тұман қаптаған,  
Көтеріле берді сейіле.  
Жалынға кез боп жайнаған.  
Қосылдым адам теңіне.  
Естен шығып ескі өмір.  
Октябрьдің таңы атып.  
Істедім жұмыс беріле.  
Бұрынғы дәуір өзгерді,  
Кім қарар ата тегіме.  
Сыртынан көріп шоштың.  
Заманым туып отырдым,  
Не дәуірдің барып төріне.  
Өкпелілерде көп болды,  
Көнбеді деп өбіме.  
Зәрлі жаман сөз айтып,  
Тимедім жанның көңіліне.  
Тірліктің ісінде,  
Қоспайтын сөзге ағайын.  
Қосып жүрді мені де.  
Шағым сөзге ілесіп,  
Дос адамдарым сыртымнан.

**Алмахан ҚАЗЫБАЕВ,**  
(Жалғасы бар).



Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасирет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара»

шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қыз-

## Сыбайлас жемқорлықпен күрес-азаматтық міндет

ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согитриге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен

меттік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Сәкен ІЗБАЛАЕВ,  
Сот орындаушысы.**

## Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін. Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 45-50 Сқ ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сондықтан да 2022 жылы болуы мүмкін дала және орман тоғай өрттерінің алдын алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;
- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;
- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;
- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;
- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпті маусым кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;
- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;
- Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

**Бекзат МУХАНОВ,  
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,  
азаматтық қорғау майоры.**

## Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылындағы «№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2022-2023 оқу жылына студенттер қабылдайды

**Мемлекеттік лицензиясы №КЗ38ЛАА 00017074 (26.09.2019 ж.) шектеусіз мерзімге берілген.**

Негізгі мектепті (9 сынып) бітіргендерді мына көрсетілген мамандық бойынша 2 жыл 10 ай оқытып, кәсіптік бастауыш білім беруге шақырады:

- 1.07150500 – «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»  
3W07150501 – «Электргазымен дәнекерлеуші»  
2.07150300 – «Токарлық іс (түрлері бойынша)»  
3W07150301 – «Токар»  
3.07230100 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»  
3W07230101 – «Тігінші»  
3W07230102 – «Арнайы тігінші»  
4.07130100 – «Электржабдықтары»  
3W07130101 – «Электромонтер (түрлері және сала бойынша)»  
11 сыныпты бітіргендерді 10 айлық оқу бағдарламасы негізінде оқуға қабылдаймыз:  
1.07150500 – «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»  
3W07150501 – «Электргазымен дәнекерлеуші»  
2.07130100 – «Электржабдықтары»  
3W07130101 – «Электромонтер (түрлері және сала бойынша)»

Оқу қазақ тілінде жүргізіледі.  
1. Үздік бағамен оқыған студенттерге 29412 теңге, ал жақсы бағамен оқыған-

дарға 26144 теңге, тұл жетім студенттерге 32681 теңге көлемінде шәкіртақы, жалпы студенттерге жылына екі рет 6126 теңгеден жолақы төленеді;

2. Шалғай елді мекендерден келіп оқитындар жатақханамен және ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі;

3. I-курсқа түскен студенттер I-ші семестрде 100% шәкіртақы алады;  
Оқуға түсу үшін колледждің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсыру керек:

1. Колледж директоры атына өтініш;
  2. Білімі туралы құжат (түпнұсқа);
  3. Форма №075/е үлгідегі дәрігерлік анықтама + (флюоро);
  4. Туу туралы немесе жеке куәлік, ЖСН көшірмелері;
  5. Көлемі 3x4 см фотосурет (4 дана);
- Құжаттар үстіміздегі жылғы тамыздың 25-ші жылдығына дейін қабылданады.  
Колледжде сабақ қыркүйек айының 1-ші жылдығынан басталады.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: ҚР, 161007, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, М.Әуезов көшесі, №39А құрылыс., БСН/ЖСН: 080340003960. Сымтетіктер: 8 (72546) 3-15-42 (факс), 3-11-29. Электронды пошта: e-mail: kasip@kltsey1@mail.ru

**Қабылдау комиссиясы.**

## БЖЗҚ» АҚ төрағасы ХӘҚҚ халықаралық конференциясында сөз сөйледі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының төрағасы Жанат Құрманов мамыр айының басында Эстония астанасы Таллин қаласында өткен «Адамға бағытталған және бейімделгенәлеуметтік қамсыздандыруға арналған сандық ауысу» атты Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (ХӘҚҚ) 16-шы халықаралық конференциясына онлайн арқылы қатысты.

Қазақстандық жинақтаушы зейнетақы Қорының басшысы «Клиентке бағдарланған мобильді қосымшалар: алушылар үшін электрондық қызметтер құру» тақырыбында баяндама жасап, БЖЗҚ-ның салымшылармен (алушылармен) арадағы іс-әрекетінің

веб-сервистері мен электрондық арналарының дамуын, екінші деңгейдегі банктермен интеграцияны ерекше атап өтіп, мобильді қосымшаның функционалы және т. б. туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

\*\*\*

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналары арқылы түскен 396 мыңнан астам өтінішпенделді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары байланыс орталығына 1418 нөмірі бойынша

(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) хабарласу арқылы, сондай-ақ, enpf.kz корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша Whats App және Viber мессенджерлеріндегі чат-бот, БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

\*\*\*

БЖЗҚ еңбек ұжымдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруда. Жыл басынан бері кәсіпорындар мен ұйымдарда 8,6 мыңнан астам таныстырылымдар өткізіліп, оларға 190 мыңнан астам адам қатысты.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Тылсым табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда өрт шықты, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты орман қорықшылары тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өткеніміз орынды болар.

**Айбек ҒАНИЕВ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.**

## Тілсіз жаудың алдын алайық!

Көліктер ары-бері ызғыған күре жолдың бойы өрт шығу ошағының бір нүктесі десек артық айтқандық болмас. Орман шаруашылығы егістіктері мен жайылымдарына зор қауіп тудырып отырса, осы өрттің тұтануына себепкер көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын көлік терезесінен лақтыра салуы, ауданның орман шаруашылығына елеулі зиянын тигізеді. Табиғат ананың мінезі аяқ астынан өзгеріп, күн ыстық болатын аймақтар салқын тартып, ал табиғаты қатал аязды, мұз құрсауындағы өлкелер кенеттен жылынып барша адамзат баласын әбігерге салатыны бар. Бұл да орман қызметкерлерін ұдайы сақтыққа шақырады, ширақ қимылдауға үйретеді. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқатекте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек.

**Ө.ЖАҚСЫБАЙ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

# Антқа берік, абзал жан

**(Жоғарғы санаттағы білікті дәрігер Абдразақ Сүлейменұлына)**

Жаны жомарт, жандар бар іске берік,  
Талайды талғап тіптен түсте-медік.  
Тіршілік күйбеңінде қалып қойсаң,  
Нұрлы шақ асықпайды түсте келіп.

Жақсы дүние жарқырап жалаң шықты,  
Ізгілікпен басталған қадам мықты.  
Шапағат шуағына орап алып,  
Қастерле асқақтаған адамдықты.

Мақсат айқын алдағы көздегенің,  
Зерделеп тігісінде кездеменің.  
Адам жанын шуаққа бөлеп берер,  
Үшінші қаруы ол сөз дегенің.

Өзің емес өзгені айыпты өткен,  
Беледі кір суындай шайып төккен.  
Адал болмай антына айыпты боп,  
Тура жолдан кейбірі тайып кеткен.

Оңтайына келтіріп ісін демде,  
Атақ даңқ жолай ма ісінгенге.  
Туған елге арналар ер еңбегі,  
Азаматтық парыз ол түсінгенге.

Арттырып абыройды біліктілік,  
Ойлы жанар тұрады сыр ұқтырып.  
Адам жанын байытып жібермейме.  
Қарсы алып сөйлескенде күліп тұрып.

Өмірдің көп қой сірә бұралаңы,  
Арлы дүние мысқалдан құралаңы.  
Өркен жайған ісінен бақыт тауып,  
Төске тағар белгі де сұрамады.

Қиналғанда нар жүгін ауыр тұтып,  
Сырқат жан осы арадан тауыпты үміт.  
Шырай беріп талайға жан шуағы,  
Шығарып сап жатады сауықтырып.

Адам үшін жасайды қоғам бәрін,  
Жүйелеп, талай істі тәмамдадың.  
Жүретін шипагерсің антқа берік.  
Сырқаттан арашалап адам жанын.

Жылжиды тарлан тірлік тынбас адам,  
Болсыншы жұртым тыныш құрдас аман.  
Әр күнгі сәтті ісіңнен ләззат алып,  
Жүресің ұлықпандай мың жасаған.

**Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ.**



## Ауыл спортының абыройы асқақ, еңсесі биік

Мемлекет басшысының биылғы жылды «Балалар жылы және ТМД халық шығармашылығы мен мәдени мұра» жылы деп жариялауына байланысты және Жамбыл атындағы шағын жинақты орта мектеп ішіндегі «қазақша күрес» үйірмесінің 10 жылдығына арналған қазақ күресінен 2009-2011 жылы туылған жасөспірімдер арасында аудандық жарыс өз мәресіне жетті. Аз уақыт болса да аталмыш мектеп шәкірттері үлкен белестерден көрініп жүр десек болады. Атап айтар болсақ, 2012-2022 жылдар аралығында еңбек жолын бастаған жеңіс бапкер бүгінде аудан облыс Республикаға танымал шәкірттері бар. Әрине, осындай жарыстардан кейін шыңдалған палуандар үлкен нәтижелерге жетеді. Жарысқа 150 оқушы қатысты. Атап айтқанда аудан мектептері арасынан:

Қ.Сәтбаев, Сүгір Әлі, І.Кеңесбаев, Н.Төреқұлов, Ә.Молдағұлова, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Маметова, Қ.Кемелұлы мектептерінің палуандары қатысты. Шараға ардақты ұстаз, зейнеткер Шылманбетов Тұрысбек ағамыз арнайы қонақ боп шақырылды.

Тұрысбек ағамыз 10-жылдың ішінде талай мақала жазып балуандарды жарысқа шығарды.

Мектептің спорт ғимараты қазақ палуаны, республика және одақ чемпионы, ардагер ұстаз Болат Алтынбековтың атымен аталады. Ауыл азаматтары кезінде сол Болат ағаның 60 жылдық мерейтойына атсалысып көптеген көмектер көрсетті. Ауыл ақсақалы Өтепбай Имашов көкеміз болса, бес бірдей немересін қазақша күрес үйірмесіне қостырып, 3 немересі аудандық, облыстық, республикалық жарыстарда орын алып Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер атанды. Сонымен қатар, ата-аналарының атынан аудан көлемінде немесе облыс көлемінде жарыстарда жанкүйер танытып бірге қолдау көрсетіп келеді. Немерелері Өтепбай Нұрқанат, Өтепбай Ерасыл, Өтепбай Қалдыбай. Мектеп басшысы Жұмашов Нұрғали Сәбденбекұлы ағамыз да нағыз спорт жанашыры. Ол мектеп

оқушыларын Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттеріне шығарып салып, оларға ақжол тілеп отыратын асыл азамат. Расында 10 жылда мектеп атын танытуға үлкен үлес қосты. Бірнеше рет демеушілік жасап спортшыларды жігерлендіріп қаржылай көмек беріп отырды. Нұрғали ағамызға жұмысына табыс тілейміз! Балдысу ауылында соңғы он жыл ішінде өткен жарыстарды санасақ:

- 1.10 рет аудандық жарыс
- 2.5 рет облыстық жарыс
- 3.1 рет Оңтүстік Қазақстан чемпи-

кеңесін айтып, қателігін түзеп спортшылардың психологиясын, жарысқа дайындығын бақылайтын ауылдың бапкері бір төбе. Бапкер Садуақасов Жеңіс Алпысбайұлы, ҚР спорт шебері, ҚР Ұлттық спорт төрешісі, ҚР Жоғарғы ұлттық төрешісі, ҚР Жоғарғы санатты жаттықтырушы, Халықаралық дәрежедегі төреші. Жақында Республикалық «Ұстаз жолы» қоғамдық бірлестігінің шешімімен «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Жеңіс білікті де білімді бапкер. Бір гана Жеңістің шәкірттері жасөспі-



онаты

- 4.1-рет Республикалық жарыс
- 5.1-рет халықаралық жарыс өткізіліпті.

Алақандай ауылда осынша жарыс өткізу екі адамның бірінің қолынан келмесі анық деп ойлаймын. Бұның бәрі жатқан еңбек, командалық жұмыс «бір болсаң бағынбайтын асу, алынбайтын қамал болмас!» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Палуандарды дайындап, үлкен жарыс алдында аудан орталығына әкеліп (сбор) өткізіледі. Әрине, бұл жерде ҚР-на еңбегі сіңген жаттықтырушы Қалиев Созақбайдың да еңбегін айта кетейік. Аудан орталығына жан-жақтағы палуандарды, жаттықтырушыларды жинап ақыл-

рімдер, жастар арасында Әлемнің қола жүлдегерлері атанып үлгерді.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп айтқандай Жеңіс бауырымызға айтарымыз «әрі қарай жеңісті жолдарың көп болсын!» демекпіз. 15-20 жылдық мерейтойларыңды да көре берейік. Балдысу палуандары биіктен көріне берсін және спорт мектебі директоры, ҚР спорт қызметкері Байғараев Айтөре Беркінбайұлына да мың алғыс! Спорт мектебінің палуандары ауданның атын әлемге әйгілеп, ел намысын әлемдік ареналарда қорғай берсін дейміз!

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450  
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.